

**Р.М. Абдикулова** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: rauabdi@mail.ru

## **АБАЙДЫҢ «ҚАРА СӨЗДЕРІНІҢ» ЖАНРЫ: БІЛУ, ТҮСІНУ, БАҒАЛАУ ПАРАДИГМАЛАРЫ**

Мақалада қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінің» жанрлық ерекшеліктерін білу, түсіну, бағалау парадигмалары қарастырылады. Абайдың «Қара сөздері» қоғамдық-әлеуметтік, философиялық, танымдық-тағылымдық, көркемдік-эстетикалық мәні зор жанр үлгісі болып табылады. Абайдың «Қара сөздерінің» жанры мәселесі кеңестік дәуірде және одан кейінгі тәуелсіздік кезеңінде зерттеу нысаны болғаны белгілі. Сондықтан Абайдың қара сөздерінің жанрын білу, түсіну, бағалау бағытында осы күнге дейін абайтану ғылымында жинақталған ойлардың қорын саралаудағы негізгі мақсат қалыптасқан көптеген теориялық қағидалар мен тұжырымдарды, көзқарастарды заманауи ғылым жетістіктері тұрғысынан қайта саралау, әлі де жете білу, терең түсіну, жаңаша бағалау идеясы туындайды. Сондықтан Абайдың қара сөздерінің көркем проза үлгісі сипатындағы жанрлық ерекшеліктерін, поэтикалық құндылықтарын айқындаудың ғылыми және практикалық маңызы танылады.

Осы тұрғыда Абайдың қара сөздерінің жанрын білу, терең түсіну, жаңаша бағалау бағытында М. Әуезов, А. Байтұрсынов, Х. Сүйіншәлиев, Р. Сыздықова, Ж. Дәдебаев сынды зерттеушілердің әдіснамалық-теориялық еңбектеріндегі талдаулар мен тұжырымдар салыстырылады, түсіндіріле пайымдалады. Автор Абайдың қара сөздерінің жанрлық ерекшеліктерін білу, түсіну, бағалау парадигмаларының тәуелсіздік кезеңінде жаңа бағытта өріс жайып келе жатқандығын, антропологизм, көркем рецепция, герменевтика ілімдерінің көру нүктесінен зерделене бастағанын дәйектейді. Абайтану және жанртану ілімдерінің негіздеріне сүйеніп, Абайдың «Қара сөздерінің» жанрлық табиғатының әралуан болып келуінің сыры мен сипаты әлі де тың ізденістерге мұқтаж екенін дәйектейді. Абайдың «Қара сөздерінің» жанрлық ерекшеліктерін білу, түсіну, бағалау парадигмаларын заманауи ғылым жетістіктері тұрғысынан жаңаша пайымдау нәтижесінде оның ауыз әдебиеті, шешендік сөз және шығыстық үлгілермен сарындас, эссеистикамен, публицистикалық түрлермен үндес көркем прозалық түр болғанмен, текаралық түр екені тұжырымдалады. Абайдың «Қара сөздерінің» жанрын білу, түсіну, бағалау парадигмаларын саралау, жаңаша зерделеу, ой-толғамдар қорыту абайтануға қосылған үлес болып табылады. Абайдың қара сөздерінің жанрын білу, түсіну, бағалау парадигмаларын заманауи көзқарас, әдіснамалар тұрғысынан жетілдіре зерделеудің тәжірибелік мәні айқындалады.

Мақала AP08855683 «Абай ілімін білудің, түсінудің және қолданудың ғылыми негіздері мен теориялық тетіктері» ғылыми жобасы аясында жазылды.

**Түйін сөздер:** қара сөз, текаралық түрлер, публицистика, эссеистика.

Р.М. Абдикулова

Казахский Национальный университет имени Аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы  
e-mail: rauabdi@mail.ru

### **Жанр «Слова назидания» Абая: парадигмы знания, понимания, оценки**

В статье рассматриваются парадигмы знания, понимания и оценки жанровых особенностей «Слов назидания» великого казахского поэта Абая Кунанбаева. «Слова назидания» Абая являются примером жанра, имеющего большое социальное, философское, познавательное-воспитательное, художественное и эстетическое значение. Известно, что вопрос о жанре «Слов назидания» Абая был предметом исследования как в советское время, так и в период независимости. Поэтому в направлении знания, понимания, оценки жанра назидательных слов Абая основной целью анализа фонда мыслей, накопленных в исследованиях Абая, является повторное изучение многих теоретических принципов и выводов, взглядов с точки зрения достижений современной науки, чтобы по-новому глубоко знать, понимать и оценивать. Поэтому признается научная и практическая значимость определения жанровых особенностей и поэтической ценности назидательных слов Абая в модели художественной прозы.

В этом контексте анализ и выводы в методологических и теоретических работах таких исследователей, как М.Ауэзов, А.Байтұрсынов, Х.Суйиншалиев, Р.Сыздықова, Ж.Дәдебаев сравни-

ваются и интерпретируются в направлении знания, глубокого понимания и новой оценки жанра назидательных слов Абая. Автор отмечает, что парадигмы знания, понимания и оценки жанровых особенностей назидательных слов Абая получили распространение в новом направлении в период независимости и стали рассматриваться с точки зрения исследований антропологии, творческой рецепции и герменевтики. Основываясь на основах абаеведения и жанроведения, тайна и характер разнообразия жанровой природы «Слов назидания» Абая все еще нуждаются в новых исследованиях. В результате понимания по-новому парадигм знания, понимания и оценки жанровых особенностей «Слов назидания» Абая с точки зрения достижений современной науки делается вывод, что даже если это чисто художественный тип прозы, который гармонирует с устной литературой, ораторской речью и восточными моделями, эссеистикой, публицистическими типами, это межродовой тип. Анализ парадигм знания, понимание и оценка жанра «Слов назидания» Абая, их изучение инновационным способом и обобщение мыслей о них считаются вкладом в абаеведение. Определена практическая значимость изучения парадигм знания, понимания и оценки жанра назидательных слов Абая с точки зрения современных подходов и методологий.

Статья написана в рамках исследовательского проекта AP0885683 «Научные основы и теоретические механизмы знания, понимания и применения учения Абая».

**Ключевые слова:** слова назидания, межродовые типы, публицистика, эссеистика.

R.M. Abdikulova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty  
e-mail: rauabdi@mail.ru

### **Abay's "Words of edification" genre: paradigms of knowledge, understanding and evaluation**

The article examines the paradigms of knowledge, comprehension, and evaluation of the genre features of the great Kazakh poet Abai Kunanbayev's "Words of edification". Abai's "Words of edification" are an example of a genre of great social, philosophical, cognitive-educational, artistic and aesthetic significance. It is known that the issue of the genre of Abai's "Words of edification" was the subject of research in the Soviet era and in the period of independence as well. Therefore, in the direction of knowledge, comprehension, evaluation of the genre of Abai's words of edification, the main goal of analyzing the fund of thoughts accumulated in Abai studies is to re-study many theoretical principles and conclusions, views from the point of view of the modern science achievements, to know, understand, and evaluate deeply in a new way. Therefore, the scientific and practical significance of determining the genre features and poetic values of Abai's words of edification in the artistic prose model is recognized.

In this context, the analysis and conclusions in methodological and theoretical works of the researchers such as M. Auezov, A. Baitursynov, Kh. Suyinshaliyev, R. Syzdykova, Zh. Dadebayev are compared and interpreted in the direction of knowledge, deep comprehension and new assessment of the genre of Abai's words of edification. The author notes that the paradigms of knowledge, comprehension and evaluation of the genre features of Abai's words of edification are spread in a new direction during the period of independence, and began to be considered from the point of view of the studies of Anthropology, Creative receptivity, and Hermeneutics. Based on the foundations of Abai studies and genre studies, the secret and character of the diversity of the genre nature of Abai's "Words of edification" are still in need of new research. As a result of understanding in a new way the paradigms of knowledge, comprehension and evaluation of the genre features of Abai's "Words of edification" in terms of the achievements of modern science, it is concluded that even if it is a purely artistic prose type, which is in harmony with oral literature, oratorical speech and Oriental models, essayistics, publicistic types, it is an intergeneric type. Analysis of the paradigms of knowledge, comprehension and evaluation of the genre of Abai's "Words of edification", their study in an innovative way, and generalization of thoughts on them are considered a contribution to Abai studies. The practical significance of studying the paradigms of knowledge, comprehension and evaluation of the genre of Abai's words of edification in terms of modern approaches and methodologies is determined.

The article has been written within the research project AP0885683 "Scientific foundations and theoretical mechanisms of knowledge, comprehension and application of Abai studies".

**Keywords:** word of edification, intergeneric types, journalism, essayistics.

## Кіріспе

Қазақ халқының ұлы ақыны, кемеңгер ойшылы Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінің» жанры мәселесі бүгінгі күнге дейін зерттеліп, зерделеніп келгені белгілі. Осы орайда, Абайдың «Қара сөздерінің» жанры мәселесін ғана емес, оның қоғамдық-әлеуметтік мәнін, танымдық-тағылымдық сипатын, көркемдік табиғатын өз кезеңінде танып-талғап, зерделеген М. Әуезов, Ж. Аймауытов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Х. Сүйіншәлиев, Ө. Жиреншин, Х. Мұхамбетқанов, Р. Бердібаев, А. Машанов, А. Көбесов, Р. Нұрғалиев, Қ. Салғарин, З. Ахметов, Р. Сыздықова, С. Қасқабасов, М. Мырзахметов, Қ. Өмірәлиев, Ж. Дәдебаев, Д. Ысқақұлы, Ж. Шойынбет, Ғ. Есім секілді т. б. зерттеушілердің еңбектерін айтуға болады. Бұл авторлардың бірқатары ақынның «Қара сөздерінің» тек жанры мәселесіне тереңдеп, бұлжымас байлам айтқан болса, қайсыбірі алдыңғы айтылғандарды қайталап, толықтыра түсуге ұмтылыс жасайды. Сондықтан да мақалада Абайдың қара сөздерінің жанры мәселесіне тікелей қатысты, әрі оны білу, түсіну, бағалау бағытында Абайтануда іргелі ойтұжырымдар қалыптастырған ғұлама ғалымдар М. Әуезов, А. Байтұрсынов пен Х. Сүйіншәлиев, Р. Сыздықова, Ж. Дәдебаев сынды көрнекті абайтанушы, зерттеушілердің бірқатар еңбектеріне ғана шолу жасалды. Өйткені, қазіргі кезеңде зерттеушілер Абайдың қара сөздерін антропология, көркем рецепция, герменевтика ілімдерінің көру нүктесінен терең саралап, жаңашыл тұжырымдар қалыптастыра бастады. Бұл Абайтану ілімінің тәуелсіздік кезеңінде жаңа бағытта өріс жайып келе жатқандығының белгісі болса керек. Расында, ұлы Абайдың шығармалары бүгінде пәнаралық зерттеулердің нысанына іліккені де даусыз. Сондықтан, Абайдың «Қара сөздерінің» жанрлық табиғатының эралуан болып келуінің сыры мен сипаты да зерттеушілерді әлі де осы бағыттағы ізденістерге бастай беретіні айқын деуге болады. Ал, әдебиеттануда, оның ішінде әлемдік жанртану ілімінде «жанр» деген ұғымның күрделі тарихи категория екені белгілі.

Жанр туралы тұжырымдардың бастауы көне замандарда жатқандығы көркем әдеби үдерістің үздіксіздігін айқындайды. Көркемсөз туындыларын ерте кезден эпос, лирика, драма деп аталатын үш текке бөлу дәстүрі, ақынның өз атынан сөйлеуі лирикаға тән екені, шығарманы кейіпкерлердің пікір алмасуына құру және ақынның кейіпкерлер сөздеріне араласпауы трагедия мен комедияға тән болуы, ал өз сөзін бөгде сөзбен біріктіруі әрі арасында өз атынан сөйлеуі эпосқа тән екендігі Сократ, Платон, Аристотель, Гегель пайымдарынан танылады (Хализев, 2005: 308).

Ұлттық әдебиеттануда ғұлама ғалым А. Байтұрсынов «әдебиет сөзін» әуезе, толғау, айтыс деп үш «тапқа» бөледі. Әуезеде «әуезелеуші айтатын сөзіне өзін қатыстырмай, өзінен тысқарғы ғаламда болған істі әңгіме қылатынын, толғауда толғағанда айтатын нәрсесін толғаушы тысқарғы ғаламнан алмай, ішкергі ғаламнан алатынын», ал «айтыс қазақта ауыз әдебиет түрінде болғанмен, айтыс-тартыс түріндегі сөздер басқа жұрттарда жазу сызу, өнер ғылым шыққан уақытта болғанын» пайымдай келіп, «қазақтың Абай сөздерінен басталатын Европа үлгісіндегі сындар дәуірі әдебиетіндегі айтыс-тартыста ақын өз басындағы емес, басқаның басындағы уақиғаны көрсетіп, өз басынан, өз көңіл күйінен еш нәрсе қатыстырмайтынын тұжырымдайды (Байтұрсынов, 1991: 407; 409; 457). Көрнекті зерттеуші В. Шмид «Нарратология» атты еңбегінде көркемсөз жанрларын үш текке бөлу б.з.д. IV ғасырда өмір сүрген Диомед «Грамматикасында» да көзге түсетінін, жалпы орта ғасырда жанрларды сөйлеуші инстанциялар белгісіне қарай ажырату-жанр типологиясына жол ашқанын байыптайды (Шмид, 2003: 109).

Аристотель үштігі әдеби шығармашылықта дәстүрлі және бөлінбес үстемдікке ие болғанмен, «тектен тыс», дәстүрлі емес формалардың да романтизмнен кейінгі өнерде тамыр жайғанын, сондықтан платон-аристотель-гегель үштігін қазіргі уақытта аз да болса қайта қарастырудың қажеттігін пайымдауға болатындығын уәж ете келіп, әдебиет теоретигі В.Е. Хализев XX ғасыр әдебиеттануында В.Д. Днепровтың романды, Я.Е. Эльсбергтің, Ю.Б. Боревтің сатираны, кино теоретиктерінің сценарийді текпен қатар қойып, төрт, я бес тек ұғымын негіздеп, дәстүрлі үштікті, толықтыруға әлденеше рет ұмтылыс жасағанын алға тартады (Хализев, 2005: 330). Десе де, жанртанушылар эпос, лирика, драма тектеріне толық жатпайтын тектен тыс шығармалар бар екенін жоққа шығармайды. Оларды тектен тыс жанрлық түрлер сипатында танытады. Зерттеушілер сондай текаралық түрлер қатарына көркем очерктерді, «сана ағыны» әдебиетін, сондай-ақ, қазіргі заманда оқырман ықыласына ерекше ие болған лирикамен үндестіктегі эссеистиканы қосады. Біздің осы орайда, көне заманнан бергі көркемсөз үлгілерін текке бөлу та-

риxyна шолу жасауымыздың басты себебі, А. Байтұрсыновша айтсақ, қазақтың сындар дәуірі әдебиетінің бастаушысы болған ұлы ақын Абай Құнанбайұлының қара сөздерінің жанрлық сипаттарын байыптауға ұмтылыс болып табылады. Бұдан Абайдың қара сөздерінің сыры мен сыны, түрлік сипаты бұған дейін зерттеу нысаны болмады деген ұғым тумайды. Әрине, Абайдың қара сөздері (проза үлгісі) жоғарыда айтқанымыздай, күні бүгінге дейін көптеген ғылыми, публицистикалық, әдеби мақалалардың және ғылыми диссертацияның да зерттеу нысаны болғаны анық. Соған қарамастан, біз сол ғылыми ой-пікірлерді жинақтай қарастырып, әсіресе, ақынның қара сөздерін жанрлық-стильдік тұрғыда зерделеген еңбектердің мән-маңызына үңілуді және өз бағдарымызда ой-пікір түюді жөн көрдік. Әдеби дамудың түрлі кезеңдерінде Абайдың қара сөздерінің жанрын білу, түсіну, бағалау бағытында абайтану ғылымында қорытылған саналуан теориялық қағидалар мен тұжырымдарды заманауи ғылыми-танымдық көзқарас, ғылым жетістіктері тұрғысынан қайта саралап, сипаттап, салыстыра талдай отырып, жаңаша бағалап, болжамдар мен ой-толғамдар қорыту мақсаты көзделетіні белгілі болады.

### Материал және әдістер

Мақалада қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының жалпы саны 46 прозалық үлгіні құрайтын қара сөздерінің жанрын білу, түсіну, бағалау бағытында абайтану ғылымында жинақталған А. Байтұрсыновтың, М. Әуезовтің, Х. Сүйіншәлиевтің, Р. Сыздықованың, Ж. Дәдебаевтың зерттеу еңбектеріндегі Абайдың қара сөздерінің жанрын білу, түсіну, бағалау парадигмалары қарастырылады. Зерттеушілердің тұжырымдары салыстыра қарастырылып, жаңашыл байлам, пайымдар сараланады. Олардың түпкі мәнін білу, түсіну, бағалау барысында автордың өзіндік ой-толғамдары танылады. Абайдың қара сөздерін заманауи ғылым жетістіктері тұрғысынан әлі де жете білу, терең түсіну, жаңаша бағалаудың маңыздылығы айқындалады.

• Абайдың қара сөздерінің жанрына қатысты кеңес дәуірінен күні бүгінге дейінгі бірқатар ғылыми зерттеулерге шолу жасалады. Ғылыми зерттеулердегі Абайдың қара сөздерінің жанрына қатысты Абайтануда қалыптасқан тұжырымдар мен жаңаша пайымдар салыстырылады, сараланады, талдай түсіндіріледі. Абайтану ілімінің және жанртану ілімінің әдіснамалық негіздеріне,

қазіргі заманауи ғылым жетістіктеріне сүйене отырып, Абайдың қара сөздері философиялық толғаныс, авторлық субъективизм, лиризм, публицистикалық сипат ерекшеліктерін, эссеистика, шешендік сөз, ауыз әдебиеті дәстүрлерін бойына сіңірген, шығыстық үлгілермен сарындас көркем проза түрі болғанмен, Абайдың қара сөздерін текаралық түр сипатында тану ұсынылады.

• Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінің» жанрын білу, түсіну, бағалау парадигмалары қарастырылды, сараланды, салыстыра зерттелді;

• Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінің» жанрын білу, түсіну, бағалау парадигмалары қазіргі ғылым жетістіктері тұрғысынан жаңаша танылды, бағаланды, түсіндірілді;

• Абайдың қара сөздері әрқайсысы әралуан жанрлық сипатқа ие көркем проза болғанмен, текаралық түр сипатында танылды;

Абайдың қара сөздерінің кеңес дәуірі және тәуелсіздік кезеңінде зерттелуі зерделеленді;

Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінің» жанрын білу, түсіну, бағалау парадигмаларын салыстыру әдісі және герменевтикалық әдіс арқылы зерттелді;

**Зерттеу қорытындыларында** Абайдың «Қара сөздерінің» жанрлық табиғатының әралуан болып келуінің сыры мен сипаты оны Абайтану және жанртану ілімдерінің негіздеріне сүйеніп, қазіргі ғылым жетістіктері мен пәнаралық зерттеулер әдіснамалары негізінде әлі де жете зерттеудің қажеттілігі дәйектеледі. Абайдың «Қара сөздерінің» жанрын білу, түсіну, бағалау парадигмаларын зерделеу барысында оның ауыз әдебиеті, шешендік сөз және шығыстық үлгілермен сарындас, эссеистикамен, публицистикалық түрлермен үндес көркем прозалық түр ғана емес, текаралық түр сипатында танылатындығы тұжырымдалады.

### Әдебиетке шолу

Абайдың қара сөздерінің жанрын білу, түсіну, бағалау парадигмалары ғылыми мәселесі бойынша ұлттық әдебиеттанудағы абайтану ғылымында кеңес дәуірі және тәуелсіздік кезеңінде жинақталған іргелі және жаңа жұмыстардағы теориялық тұжырымдары мен шетелдік ғалымдардың Абайдың қара сөздерінің табиғаты, философиялық-элеуметтік, эстетикалық-көркемдік мәні мен маңызы жайлы байламдары да қамтылады. Автор Абайдың қара сөздерінің ауыз әдебиеті, шешендік сөз, публицистикалық

түрлермен, шығыстық үлгілермен сарындас көркем проза түрі екендігін тұжырымдаған отандық ғалымдар А. Байтұрсыновтың, М. Әуезовтің, Х. Сүйіншәлиевтің, Р. Сыздықованың, Ж. Дәдебаевтың және Абайдың қара сөздерінің поэтикалық құндылықтарын зерделеген шетелдік ғалымдардың тұжырымдарын әлі де жете білу, түсіну, бағалаудың қажеттігін бағамдайды. Дегенмен, автор жанртану ілімдеріне сүйеніп, Абайдың қара сөздерінің жанрын білу, түсіну, бағалау парадигмалары жанрлық жіктеу, текке бөлу тұрғысынан қарастырады. Нәтижеде, Абайдың қара сөздерінің ауыз әдебиеті, шешендік сөз, публицистикалық түрлермен, шығыстық үлгілермен сарындас көркем проза түрі ғана емес, оның эссеистикамен үндес текаралық түр екенін пайымдайды.

### Нәтижелер мен талқылау

Зерттеушілердің қай-қайсысы да Абайдың қара сөздерін ғылыми тұрғыда зерттеудің бастауы М.О. Әуезов еңбегінен өрістейтінін тұжырымдайды. 1959 жылы жарық көрген М.Әуезовтің «Әр жылдар ойлары» еңбегінің «Абайдың қарасөздері» деген бөлімінде ғалым Абайдың толық жинағында, 1890 жыл мен 1898 жыл арасында жазылған бір алуан шығармалары «қарасөз» деп аталатынын, олардың жалпы саны қырық алты бөлек шығарма екенін, оның алты-жеті үлгісі қысқа келетінін (16, 18, 19, 20, 24, 31, 45-сөздері) көрсетеді. Жалпы қарасөздерден мазмұн, тақырып жағынан өзгешерек тұратын – 46 сөз тарихтық мақала-очерк тәрізді екенін, қазақ халқының қайдан шыққандығына арналған, дәлелді, дәйекті, қысқа зерттеу екенін байыптайды. Өзге қырық бес сөздің ішінде көлем жағынан ең мол шығарма, бұрын Абайдың қолжазбаларында «Ғақлиат, тасдиқат» деген атпен бөлекше көшіріліп жүретін дін, мораль мәселелеріндегі, Абайдың бір үлкен ой-толғауы қатарында 38-сөзді атаса, 25-сөзді мысал, өсиет деп көрсетеді. Ал, 37 сөзін «өзгешерек қалыптанған», «тұтас құрылған бүтін шығарма емес», «бір араға бастары құралған афоризм» екенін айтады. 27 сөзді Абайдың өз сөзі емес, аударма ретінде бөлек қарастырады. Сөйтіп, Абайдың анық «қарасөз» атты мұрасы отыз бес сөзден тұратындығын байыптайды (Әуезов, 1959: 168).

М. Әуезов осы 35 сөзді қарастырып: «Стиль, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше,

адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді» (Әуезов, 1959: 170), – дейді. М. Әуезов «Қара сөздерді» Абайдың өзі тапқан көркем сөз түрі дегенімен, «кейбір сыр-сипаттарына қарағанда, Лев Толстойдың «Круг чтения» деп аталатын еңбегіне ұқсастығын» пайымдайды. Дегенмен, М. Әуезов Толстойдың «оқушыларымен тыныш, тату әңгіме өткізетінін, сөз бастағанда, әрбір жайлардан өз ойларын келтіретінін атап өтеді (Әуезов, 1959: 170). Қазірде бұл пікірді ақын қара сөздерін зерттеушілер жиі қайталайды. М. Әуезов Абай қарасөздерінде барлық жайлардан өзі сөз бастап, өзі әңгіме-дүкен құрып отырып, және сол әңгіме үстінде, адамгершілік мәселелерінен: әделет, ақтық, тұрашылдық, шындықты сүйгіштік, ғылымға құмарлық, еңбекті бағалағыштық сияқты жайларды айтып немесе, осылардай адамдық сипаттың жауы болатын: аярлық, жалғаншылық, бәлекұмарлық, мақтаншақтық, мансапқорлық, өсекші, өтірікшілік, еріншектік әралуан арамтамақтық сияқты мінездердің барлығын айтқанда, Абай сол жайларды тыңдаушының көңіліне, көкейіне қонымды ету жағын, алдымен ойлайтынын пайымдайды. Сондықтан, кейбір қарасөздерінде, бұрынғы өлеңінде айтылатын ойлар, қарапайым, жеңіл, оңай ұғымдармен қайтадан айтылатынын тұжырымдайды (Әуезов, 1959: 170). Осы негізде қарағанда, Абайдың «Отыз бесінші сөзінің» мазмұндық астары текаралық түр үлгісіндегі (нақтырақ, эссе жанры сипатындағы) авторлық субъективизм ерекшеліктерін сөз еткен мына бір пікірмен де шендеседі: «...олар көбінесе жеке ойларын оқыту құралы ретінде пайдаланады, әңгімені мысал үшін пайдаланады және авторлар өз өмірінен алынған жағдайларға қатыстыра отырып, негізгі мәдени және ғылыми мәселелерді талқылайды» (Dowdey, 1984: 2).

Ғұлама М.О. Әуезов дін тақырыбындағы қара сөздерінің де мән-мағынасын да терең танығанына шүбә келтіруге болмайды. Дегенмен, сол кезеңдегі саяси ахуалдың ғалымның Абайдың діни көзқарастары туралы терең де мәнді ойларды қозғауына тұсау салғаны белгілі. Әйтсе де, М. Әуезов осы орайда: «Оқушы мен көпшілік тыңдаушыларының өз тұсындағы сенім-нанымдарын еске алғандықтан, ақын дін тақырыбын көбірек сөз қылады. Әрине, оның өз нанымы өзгермейді. Сондықтан өлеңіндегі сияқты, дінді адамгершілік моральдің, тәрбиенің қараңғылыққа қарсы, шартты түрдегі өткелі есебінде бағалайды» (Әуезов, 1959: 170), – деп жазады. М. Әуезов Абайдың барлық қара сөздерін

он-он бір тақырыпқа бөліп қарастырады. Абайдың қара сөздеріне тән өмірбаяндық дерек сипатын, халықтарды салыстыруының мәнін ашады. «Қара сөздердің» әзіл, мысқылдық сипатын, ақынның шын сыншыл ойларын танытады.

М. Әуезов ақынның «Үшінші сөзін» тақырып жағынан алып, бөлекше қарастырады: «Бұнда қазақ сахрасын билейтін әкімдер, тергеуші, билер, соттар туралы сөйлейді. Сол күндегі ел тірлігінің қайшылық, ауыртпалықтарын молайтып отырған патшалық аппараты туралы да ой қозғайды. Ел ішіндегі дау оңай шешілу үшін, әделетпен аяқтау үшін, патшалық өкіметі сайлаумен қойып жүрген билер болмаса екен дейді. Оның орнына третей билікті ұсынады. Абайдың осы пікірі Герценнің «Былое и думысында» жазылған, соттар турасындағы пікіріне өте дәл келеді. Бұл жөніндегі Абайдың кемшілігі, қаталығы Шоканның бір қаталық пікірімен үйлес келеді. Екеуі де ендігі билер ауыспайтын өмірлік би боп сайлансын дейді. Бұл ескі феодалдық қалыпқа тартар еді» (Әуезов, 1959: 172). Әрине, ғалымның бұл көзқарастарын заманауи деңгейде жаңаша қарастыру қажеттігін пайымдауға болады.

Ғалым ақынның сын сөздері қатарында «Төртінші сөз», «Бесінші сөздерін» ал сол сын ойлары мен үгіт, өсиет сөздері қайталанып келіп отыратын қара сөздерінің тобын да атап көрсетеді. Сын, үгіт, өсиет сөздер қатарына «Алтыншы», «Сегізінші», «Тоғызыншы», «Оныншы», «Он төртінші», «Жиырма үшінші», «Жиырма алтыншы», «Жиырма тоғызыншы», «Отыз үшінші», «Отыз тоғызыншы», «Қырқыншы», «Қырық бірінші», «Қырық екінші» сөздерін жатқызады. Ел жайын, бірлігін, болыс-билердің, ел билеуші әкімдерінің келеңсіз мінез-құлықтарын кекесін-эжуа еткен сөздер қатарына «Қырық үшінші сөз» сияқты үлкен бір топ сөздерін атайды. Ақынның ел мінезіне күйініп, шамырқана толғанып, жалған мінездерді «ащы сия, улы тілмен» осып, сынап айтқан, ащы сатираға құрылған «Тоғызыншы сөз», «Он төртінші сөз», «Жиырма үшінші сөз», «Жиырма алтыншы сөз» аталатын сөздерін жатқызады. Абайдың осы сөздерінің тууы хақында шетелдік ғалым Н. Мкртчян: «Абайдың Қара Сөзінің тарихи қатпарында қазақ қоғамының гармониялық тепе-теңдігі мен тәртібінің бұзылуын растайтын түрлі жағдайлар бар, бұл Абайды өз күйзелістерін жазуға итермеледі» (Мкртчян, 2018: 17-36), – деп жазады. Шынында, өз заманында «мыңмен жалғыз алысқан» ақын «өз сөзім өзімдікі дедім де» деп қолына қалам алуға мәжбүр болған-ды.

Ал, жоғарыда аталмаған «Жиырма төртінші сөзінде» мақалдарды шенесе, аталған «Отыз үшінші сөзінде» ел мінезіне сын айтылады, еңбек адамын бұзып, аздыратын жаман қылық, әдет-салттарды сынағаны көпшілікке белгілі.

Ал, М. Әуезовтің көрсетуінше, халық басындағы қоғам ішіндегі ауыртпалық күйдің бәрін теріп көрсететін осы топ сөздердің бір алуаны – «Қырық екінші сөз» жұмыссыздыққа арналады. Осы бір топ сөздердің ең соңғысы – «Қырық үшінші сөз» – алғашқы жолдарында Абай санасындағы дуализмді көрсеткенмен, педагогикалық, психологиялық үлкен жүйрік ойды танытады. (Әуезов, 1959: 173). Алайда, ғалым Абайдың қара сөздері ішіндегі көлемдісі ретінде осы «Қырық үшінші сөзді» көрсетеді. Ақынның «Жетінші сөзі», «Он бірінші сөзі» тақырып оқшаулығымен ерекшеленетінін көрсетеді. Ақынның «Жетінші сөзі» жас бала психологиясына, тәрбиесіне қатысты, тәрбиенің бұзылу себептерін талдаған сөз болса, «Он бірінші сөзі» ел ішіндегі ұрлық-қарлықты қоздатып, соған өздері жолбасшы болып отырған ұлықтарға қарсы айтылған сыншыл ойын ұқтырады.

М. Әуезов: «Қарасөздердің ішіндегі тағы бір қайталай түсетін тақырып дін мен мораль, тәрбие жайларын қозғайды. Олар: 12, 13, 27, 35, 36, 38 және 45 сөздерде. Осы сөздердің кейбірінде Абай, құдайға құлшылық етудің мәнін айтып, иман жәйін сөз етеді. (12, 13 сөздер). Бірақ, сол мұсылманшылықтың анық діндік үгітін айта отырып, Абайдың өз оқушысына жеткізбегі-адамгершілік өсиеттер болады. Сол адамгершілік қасиетті адам өзінің жаратылыс сырымен қоса бағалап, түсінсін деп ойлады. Сондай түсінік адамды адамгершілік биік сатыға көтереді дейді. Осы ойына тірек, дерек етіп (27 сөзінде) әдейі ұстаздық, тәрбиешілік ниетпен Сократ сөзін береді» (Әуезов, 1959: 173). Демек, М. Әуезов бұл тұста да, жоғарыда ескергеніміздей, кеңестік жүйенің тосқауылы салдарынан, Абайдың дінді адамгершілік жолына бастайтын тәрбие құралы сипатында ғана танығанын «пайымдаған» болады. Дегенмен, Абайдың «Отыз бесінші», «Отыз алтыншы» сөздерінде қазақтың «дін күтушілерін, сол дін жолының өзіндегі өрескел мінді мінездерін шенегенін» жоққа шығармайды. Ақынның осы топтағы көлемі мен мазмұны бойынша ең үлкен орын алатын «Отыз сегізінші сөзі»-«Ғақлиат-ғасдиқатта» Абайдың аят, хадистерден цитаталар келтіріп сөйлейтінін, жазу тілінің, басқа қарасөздердегі анық қазақтық түрін өзгертіп, кітапшылап (түрікше) тың үлгі,

стиль іздейтінін пайымдайды (Әуезов, 1959: 173). Абайдың «Қара сөздердегі» тілді қолдану, стилін байыту ерекшеліктерін ерекше атайды.

М. Әуезов Абайдың «Отыз сегізінші сөзіндегі» жаратылыс игіліктерін «Адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік» деп ой түйюін құптамайды. Жаратылыс диалектикасына қайшы келетін теріс пікір сипатында тұжырымдайды. Мұның себебі де сол кеңестік тоталитаризмнің салдары екені белгілі. Бұл жөнінде көрнекті абайтанушы Ж. Дәдебаев: «Ақынның «үш сүйюінің» басында Алланың адамды сүйюі тұрғанын М. Әуезов көрмей, білмей қалған жоқ. Көрді де, білді де. Заман талабы, уақыт тезі М. Әуезовті ақын өлеңіндегі «әділетті» сөзін жеке бөліп алып, оның лексикалық, грамматикалық мағыналарының мәнін ашпай қалдыруға, қатыстық сын есім емес, тура толықтауыш қызметін атқарушы зат есім ретінде қабылдауға, басқаларға осылай түсіндіруге мәжбүр етті. Заманның, уақыттың талабын осылай қанағаттандыруға тура келді» (Дәдебаев, 2014), – деп жазады. Шынында, қазіргі уақыттағы жаңаша танымымызда Абайдың «әділет туралы ілімі», «адамгершілік туралы ілімі», «толық адам туралы ілімі» мен «имани гүлі» ұштасып жатқаны жайындағы білім қорлары Абайтану әлемінде ғылыми айналымға енген тұрлаулы теориялық тұжырым болып қалыптасты. Шетелдік зерттеуші С.М.В. Камаладдини Абай еңбектерін терең зерттей отырып, олардың Фердоуси еңбектерімен ұқсас тұстарын қарастырған. Абай еңбектерінің ішінен ақынның қара сөздеріне көңіл аударған. Ол: «Абайдың әрқайсысы әртүрлі мазмұнға ие, әңгіме түріндегі 45 кеңестен тұратын қара сөздерінде философиялық және ғылыми нанымдар мен ойлар бар. Бұл оның поэзиясының көрінісі, онда ғалам, кейінгі әлем, сенім, дұғалар, философия, логика, даналық, Құдай және махаббат туралы нанымдары мен ойлары қарапайым және еркін өлең жолдарымен баяндалған» деп баға береді (Камаладдини, 2021: 149).

2005 жарық көрген Абай шығармаларының екі томдық толық жинағында ақынның қара сөздеріне қатысты: «1957 жылғы екі томдық Толық жинақты баспаға дайындау барысында Мұхтар Әуезовтің басқаруымен қолжазбалар мен бұрынғы бұрынғы басылымдар жан-жақты мұхият тексеріліп зерттелді. Абай шығармаларының текстерін бастыруда орын алып келген олқылықтар түзетіліп, әсіресе қара сөздерінде дұрыс оқылмай жүрген бірталай сөздер қолжазбаларды салыстыра тексеру нәтижесінде

анықталды» – деген мәлімет келтіріледі (Абай, 2005а: 4-5).

Және Абайдың қырық бес қара сөзінің жариялану тарихы ақынның қара сөздеріне Ж. Ысмағұлов, М. Мырзахметов жазған түсініктемеде көрсетіледі. Мәселен, «Бірінші сөздің» тұңғыш рет 1916 жылы Орынборда шығарылған «Абай термесі» атты жинақта (бастырушы Әбіш Саматұлы) алғысөз ретінде жарияланғаны, сонсоң 1939-1940 жж. екі томдық толық жинақтың II томына (1940) енгізілгені, содан бергі басылымдарда қайталанып келе жатқаны және Мүрсейіт қолжазбасында 23-сөз болып көшірілгені туралы тағы басқа да мәліметтер бар (Абай, 2005b: 283).

Бұл мәліметтерді келтіріп отырған себебіміз, Абайдың «Қара сөздері» сонау 1916 жылдан баспа бетін көріп, жариялана бастағанына, томдарына енгеніне қарамастан, М. Әуезов және басқа да абайтанушылардың проза түрі, көркем шығарма санатында оны танитындығына қарамастан, 46 сөзден тұратын ақын шығармасының «Қара сөздер» деген аталымының баспасөз бетінде, зерттеушілер еңбектерінде де әрқилы жазылып келуі де, бұған қоса жекелеген сөздерді санмен белгілеп, оларды зерттеу мақала, еңбектерде «Қара сөздер» дегенді «ҚС» деп қысқартып жазу да келісті емес екенін айтып өтуге тиістіміз. Біздің пікірімізше, егер «қара сөз» тұтас мәтін ішінде «проза» деген ұғымды берер болса, алдыңғы нұсқаны ескерген жөн болар, ал жалпы Абайдың проза үлгісінде жазған шығармашылық еңбегінің аталымы (заглавие) бұдан былайғы жарияланымдарда «Қара сөздер» деген атпен танылса құба-құп болар еді демекпіз. Алайда, Абай (Ибраһим) Құнанбайұлының «Шығармаларының екі томдық толық жинағында» (Жазушы, 2005) «Қарасөздер» болып берілген (Абай, 2005b: 89).

Көрнекті әдебиет тарихшысы Х. Сүйіншәлиев Абайдың «Қара сөздерін» зерделегенде, ғұлама ғалым М. Әуезовтің ой-пікірлерін ерекше бағалайды. «Абайды зерттеу ісі қазір тек қазақ ғалымдарының ғана шұғылданар ісі болмай, бүкіл жер жүзі ғалымдарының төл ісіне айналып кетті» (Сүйіншәлиев, 2015: 21). (Бұл пікір 1995 жылы ЮНЕСКО-ның Абайдың туғанына 150 жыл мерекесіне байланысты Абайтанудың қанатын кең жая бастағанын меңзейді.-Р.Ә). Мәселен, шетелдік ғалым П. Шон алғаш рет 1909 жылы жарық көрген Абайдың «Қара сөз» кітабындағы негізгі идеяларды қазіргі қазақстандық қоғамдағы философияның өзектілігін зерттеу үшін батыстың түрлі философтарымен салыстыра отырып сипаттайды. (Shon, 2017: 38)

«Абайдың қарасөздері мен нақылдары – ақын шығармашылығының елеулі саласы, өлеңдерімен мазмұндас, идеялас, бірін-бірі толықтыра түсетін маңызды шығармалар» (Сүйіншәлиев, 2015: 21). Бұл сипатты пікірді өзге абайтанушылар да айтады. Әдебиет тарихшысы Х. Сүйіншәлиев: «Сонымен бірге, әдеби жаңа түр, алғаш көрінген проза, публицистика. Ақынның тереңнен толғаған озық ойларының туындысы. Өлеңдерін туғызған тарихи әлеуметтік жағдайлар қарасөзінің тууына да себепкер» (Сүйіншәлиев, 2015: 21), – деп жазады. Абайдың қара сөзге бетбұруының заңдылығын пайымдайды. Х. Сүйіншәлиевтің Абайдың «прозаның қолдануға ыңғайлы, жетімді түрін іздестіргенін» пайымдайды. «Құлаққа жеңіл, жатқа айтуға да көнерлік; сол тұстағы қауым талғамына сай өзіндік стиль тапты» (Сүйіншәлиев, 2015: 22) дегені шартты пікір болса керек. Өйткені, А. Байтұрсыновтың қара сөздерді ұғудың қиындығы туралы айтқан сөзі бар. А. Байтұрсынов: «1903-жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олардың сөздерінен басқалығы сонша әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосырқап отырарсың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаларсың. Кей сөздерін ойланып дағдыланған адамдар болмаса, мың қайыра оқыса да түсіне алмайды. ...Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағандығынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда.

Не нәрсе жайын жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын, сынақ болып табылады.

Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынаиды, Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олардың сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, артықтық басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған» (Байтұрсынов, 1991: 217), – деп тұжырады. А. Байтұрсыновтың осы байламдарына қарағанда, Абайдың «Қара сөздері» М. Әуезов айтқандай, «проза түрі» немесе Р. Сыздықова айтқандай, «публицистикалық прозаның бастауы» ғана емес, өз кезең үшін, Абай өмір сүрген заман оқырманы үшін қазіргі уақытта «интеллектуалды проза» аталып жүрген парасат-

ты прозаның бастауы болды ма деген ойға да қаламыз. Шынында, орыстың көрнекті әдебиет теоретигі В.Е. Хализевтің жанрлық жіктеудің қиындығы туралы пайымы ойға оралады: «Жанрлар жүйелеуге және жіктеуге (әдебиет тектеріне қарағанда) мығым қарсыласады. Өйткені, олар өте көп: әрбір көркем мәдениетте жанрлар өзіндік ерекшелікке ие (Шығыс елдері әдебиетіндегі ғазел, танка, хокку)» (Хализев, 2005: 333). Жалпы, жанр мәселесін сөз еткенде шетел зерттеушісі Д. Чандлердің: «Әртүрлі жанрлар мәтіндік ерекшеліктерге қоса әртүрлі мақсаттарды, сүйсінушіліктерді, аудиторияны, тарту тәсілдерін, түсіндіру стильдерін және мәтін мен оқырмандар арасындағы қатынасты қамтиды», – деген пікірін де құнттауға болады. (Chandler, 1997: 13)

Х. Сүйіншәлиев Абайдың қазақ әдебиетінің тәжірибесіне сіңбеген прозалық шығарма жазуды бастағанын, Абай өзіне әзір стильдік үлгі болар туындыны А.С. Пушкиннен емес, шығыстан, парсы ғұламаларының еңбектерінен тапқанын (Сүйіншәлиев, 2015: 23) пайымдайды. Сондықтан ғалым: «Ондай ойға біз «Кабус-наманың» кітап боп шыққан кезінен келгенбіз. Байыптап қарасақ, Кейқауыстың «Кабус-намасы» өзінің сыртқы түрі мен стилі жағынан өте жақын туындылар екен. Екеуінде де қырық бес өсиет сөздер тізілген. Айырмасы мазмұнында екен. Кейқауыс өзінің «Кабус-намасын» өзінің туған ұлына арнап, соның болашағы үшін керекті ақылдарын айтады» (Сүйіншәлиев, 2015: 23), – деп жазады. Абайдың «Кабус-наманы» оқығанын, үлгі тұтқанын ойына өзек етеді. «Жанрлық іздену жолында трактат, тастих ретіндегі шағын үлгілерін, Жәмидің қарасөзді ғақлияларын есте ұстағаны даусыз» (Сүйіншәлиев, 2015: 23)» деп келіп, Абайдың қарасөздерін «прозаның шағын түрі» деп атау керек» деп, оларды шағын түрлерге жіктейді.

Қорыта келгенде, Абайдың өсиет-ғақлия, тастих немесе философиялық трактат, нақыл, тұспал сөз (афоризм), диалог-кеңес, монолог-толғаныс мазмұнды, дүниеге көзқарастарын білдіретін эссе сипатты, публицистика сарынды, публицистикалық сын-сатира, очерк, мақала, памфлет жанрларының бастауы болған, көркемдік сипатқа кейбірі диалогқа құрылған әңгіме, шешендік үлгіге ие сөздері мен көркем дидактикаға құрылған сөздері бар екенін ескерсек, 46 қара сөзіне тән лаконизм, риторикалық сауал тәрізді стильдік сипаттармен қоса, эссе жанрына тән субъективтілік, бірінші жақтан ба-



яндау, өз пікірін өзгеге таңбау (бірінші сөзінде), көңіл-күй құбылыстарын баяндау, еркін баяндау, ой еркіндігі, шегіністер мен толғаныстарға орын беру сипаттары танылады. Осыған қарағанда, текаралық түр санатындағы эссе жанрының табиғаты хақындағы: «Эссеистік-аргументативті жанр пайда болғаннан бері авторлар өздерінің жеке тұлғасын жеткізуге немесе көрсетуге тырысты... Өз пікірін білдіру, сондай-ақ басқалардың оны қабылдауға деген ұмтылысы жеке тұлғаның ажырамас бөлігін құрайды, сондықтан эссеистік-аргументативті жанр авторлар жеткізгісі келетін өзіндік имиджді құрудың ерекше қолайлы әдісін ұсынады», - деген пайымдарды да ескеруге тура келеді (Martin-Jimenez, 2016: 128-129). Дегенмен, текаралық түр үлгісі саналатын эссе жанры хақында анықтамалардың өрісі кең, сол орайда толымды ой түйгіміз келсе, Р.М. Палумбоның: «Тақырып пен стильдер ғасырлар бойы дамыды, дегенмен жеке эссе Монтеньнің берген бастапқы тұжырымдамасына жақын болып қалуда: жазушыға өз өмірін бақылауға және адам өмірі туралы шындықтың белгілі бір түрлерін ашуға мүмкіндік беретін проза туындысы», - деп эссе жанры туралы толғамы да Абайдың «Қара сөздерінің» әралуан жанрлық сипаттарымен үндесіп жатқанын пайымдауға болады. (Палумбо, 1978: 382)

Егер біз, Абайдың қара сөздерінің жалпы сипатын прозалық жанрға, соның ішінде текаралық жанр түрлеріне жуықтататын болсақ, әрі жанрдың сабақтастығы мәселесін жадымызда ұстайтын болсақ, М.Әуезовтің «Әр жылдар ойлары» еңбегіндегі «Абайдың қарасөздері» аталатын мақаласындағы астарлы ойларының сырына жаңаша таным тұрғысынан үңілер болсақ, құнды пікірлерін сараптап, саралай алсақ, ақын шығармашылығындағы тек пен түрге қатысты шығыс, орыс әдеби дәстүрлерімен сабақтастықты, проза түрі сипатындағы құндылықтарын да танимыз. Ол құндылықтар – Абайдың әрқилы жанр үлгісінде бой көрсететін «Қара сөздерінің» көркем композицияға құрылған бүтіндігі, эстетикалық тұтастығы, шымыр да көркем поэтикасы болып табылады. Осы орайда, мәселе текаралық жанр түрі туралы болғанымен, оның көркемдігіне баса мән беретін Г. Гуд өз еңбегінде: «Эссе әдетте, білім (өйткені, ол тым «көркем» деп саналады) немесе өнер сипатында да (өйткені, ол «шығармашылға» қарағанда «күзіретті») нысаны мен мазмұны арасындағы сәйкессіздік нәтижесінде танылмайды», – деп жазады (Гуд 1988: 15) Ғұлама А. Байтұрсынов қара сөздер

тілінің «қиыннан қиысқан» күрделі табиғатын ақынның ойлау ерекшелігімен үндестік, үйлесім тауып жатуына, стильдік ерекшелігіне, оқырман қабылдауы мәселесіне көңіл бөліп, ақынның «сөз сарасын» танытуы да ерекше бағалы. Көрнекті әдебиет тарихшысы Х. Сүйіншәлиевтің Абайдың өзіне ылайықты стильдік үлгіні А.С. Пушкиннен емес, шығыстан, парсы ғұламаларының еңбектерінен тапқанын пайымдауы айрықша мәнді. Х. Сүйіншәлиев ақын қара сөздерінің қоғамдық-элеуметтік, тағылым-танымдық, эстетикалық мәнін танытып қоймай, барынша бағалы жанрлық жіктеулер жасауы да Абайдың «Қара сөздерінің» тегі мен түрін айқындауға жолбасшы болғаны анық. А. Көбесовтің Абайдың біршама қара сөздерін Фараби негіздерімен байланыстыратынын, көрнекті абайтанушылар Х. Сүйіншәлиевтің, М. Мырзахметовтің, Қ. Өмірәлиевтің Абайдың «Қара сөздерінің» тегі мен түрі жағынан шығыс әлемінде мәшһүр болған Кей-кабустың «Кабус намасына», Сағди мен Хафизге, Надидің «Махбубул Кулубымен» ұқсатындығын бағамдаймыз. Демек, Абайдың «Қара сөздерінің» кездейсоқ тумағандығы, жанрлық дәстүр мен сабақтастықтың және ұлы ақын Абайдың қайталанбас, дара талантының жемісі екендігінің айқын дәлелі болып табылады. Көрнекті зерттеуші Р. Сыздықова Абай «Қара сөздері» тілінің, стилінің қазақ әдеби тілін әрқилы жолдармен байытқанын бағаласа, айтулы ғалым Қ. Өмірәлиев те көне түркі әдеби тілі әсері Абайдың қара сөздеріне ғана тән екендігін тұжырымдап, «Қара сөздер» тілінің синтаксистік ерекшеліктерін «Кабус намә», Абылғазының «Шежіре түркмен», А. Навоидың «Махбубул кулуб» жазбаларының мәтінімен салыстыра айқындайды. Көрнекті ғалым, абайтанушы Ж. Дәдебаев Абайдың қара сөздеріне ғана емес, тұтастай Абай шығармашылығына тән, оның өзегіне айналған «Абай ілімін» қазіргі пәнаралық зерттеу әдістері тұрғысынан тарқата талдап, терең қорытып, Абайдың «әділет туралы ілімін», «адамгершілік туралы ілімін», «толық адам туралы ілімін», «нимани гүл» ілімін жаңаша таным тұрғысынан байытып, тұрлаулы теориялық тұжырымдар қалыптастырды.

### Қорытынды

Абайдың «Қара сөздерінің» жанры парадигмасын сөз еткенде, ұлттық төлтума әдебиетіміздің шығыс, орыс, батыс әдебиеттерімен сабақтастығын қарастыру артық болмайды. Және

де бұл алдағы уақытта кең ауқымды зерттеулерді қажет ететін мәселе болса керек. Сонымен, ұлы тұлға Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінің» сыртқы және ішкі композициясының тұтастығы, мәтін құрылымында авторлық субъективизмнің айқын көрініс тауып отыруы, лиризмнің орын алуы, жеке сөздердің мазмұнының, табиғатының әралуан болғанымен, 46 қара сөзінің бөлініп-жарылмай, жанрлар синтезінен бас құрайтындығы, мазмұн байлығы мен лаконизмі, шешендік стиль ерекшеліктері, баяндау еркіндігі оның текаралық түрлерге тән сипатын танытады. Сондықтан, Абайдың «Қара сөздері» жанрлық тұрғыда ғылыми-публицистикалық, әдеби көркем эссе жанрына, ауызекі сипатына сай шешендік сөз үлгілерінің шешендік диалог түріне, толғанис түріндегі әңгімелері шешендік толғау, ашық монолог түрлеріне көбірек жақындайтынын аңғаруға болады. Себебі, ұлы Абайдың Толстой, Пушкин ғана емес, Сократ, Платон, Аристотель, Монтень, Спенсер, батыста Байрон, Гете, Шекспир, шығыста Фараби, Хафиз, Физули, Навои, Жәми, Баласағұни секілді түркі ойшылдарының көркем қазынасынан ғана емес, өзі туып-өскен топырағында тамыр тартқан ұлттық әдебиетіміздің ежелгі жауһарларымен, ақын-жыраулар, би-шешендер қайнарынан қанып ішіп, өз ұлтын ғана емес, бүкіл адамзатты өркениетке, рухани кең өріске бастайтын асыл ойларын, данышпандық қағидаларын көркемдік-эстетикалық құндылықтарға бай туындысы «Қара сөздерінің» болмысы мен бітіміне қалыптады. Сонымен, сыны мен сыры мол Абайдың «Қара сөздері» жанрының көптүрлілігімен, әралуан сипатымен ғана емес, заманалар озған сайын қатпар қыртысы мол «жұмбақтығымен» де оқырманын ойландырады анық деуге болады.

Абайдың қара сөздерінің жанрын білу, түсіну, бағалау бағытында абайтану ғылымында жинақталған ойлардың қорын саралағанда, бұл орайда әлі де жете білуді, терең түсінуді, көптеген теориялық қағидалар мен тұжырымдарды бүгінгі замандағы ғылым жетістіктері тұрғысынан қайта саралап, жаңаша бағалауды талап ететіні белгілі болады.

Абайдың қара сөздері – мазмұны, тақырыбы мен идеясы жағынан келісті өрілген, мінсіз

көркемдік жанр үлгісі. Оның көп қыры, терең сыры білген үстіне біле беруді, түсінген үстіне түсіне білуді қажет етеді.

### Қорытынды, тұжырымдар

Абайдың қара сөздерінің жанрын білу, түсіну, бағалау бағытындағы мақсат әлі де жете білуді, терең түсінуді, көптеген теориялық қағидалар мен тұжырымдарды бүгінгі ғылым жетістіктері тұрғысынан қайта саралап, жаңаша бағалау болып табылады.

Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінің» жанрын білу, түсіну, бағалау парадигмаларын зерттеуде ұлттық әдебиетімізді шетел әдебиеттерімен сабақтастықта қарастыру қажеттігі туындайды.

Ұлы тұлға Абай Құнанбайұлының «Қара сөздеріндегі» композициялық тұтастық, авторлық субъективизм, лиризм, лаконизмі, шешендік стиль, публицистикалық сипат, баяндау еркіндігі, шығыстық сарындармен, эссеистикамен үндестігі оны текаралық түрлерге жақындатады.

Ғылыми, әдеби көркем эссе жанрына, ауызекі сипатына сай шешендік сөз үлгілерінің шешендік диалог түріне, толғанис түріндегі әңгімелер шешендік толғау, ашық монолог түрлеріне көбірек жақындайтынын аңғаруға болады.

Ұлы Абайдың Толстой, Пушкин ғана емес, Сократ, Платон, Аристотель, Монтень, Спенсер, батыста Байрон, Гете, Шекспир, шығыста Фараби, Хафиз, Физули, Навои, Жәми, Баласағұни секілді түркі ойшылдарының көркем қазынасынан ғана емес, ұлттық әдебиетіміздің ежелгі жауһарларынан, ақын-жыраулар, би-шешендер шығармашылығынан нәр алғандығы танылады.

Өз ұлтын ғана емес, бүкіл адамзатты өркениетке, рухани кең өріске бастайтын асыл ойларын, данышпандық қағидаларын көркемдік-эстетикалық құндылықтарға бай туындысы «Қара сөздерінің» болмысы мен бітіміне қалыптағаны айқындалады.

Абай Құнанбайұлының «Қара сөздерінің» жанрын білу, түсіну, бағалау парадигмалары мәселелерін жоғары және орта мектептерде «Абай ілімі» пәнін бағдарламаға сәйкес оқытуда қолдану мүмкіндіктері танылады.

### Әдебиеттер

- Хализев В. Е. Теория литературы. 4-е издание – М: Высш. шк., 2005 – 405 с.  
 Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ.мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.  
 Шмид В. Нарратология. – Москва: Языки славянской культуры, 2003. - 312 с. / URL: <http://yanko.lib.ru/books/cultur/shmid-narratology.pdf>

Әуезов Мұхтар Омарханұлы. Өр жылдар ойлары: Мысли разных лет: қазақша және орысша жазылған зерттеу мақалалар / жалпы ред.басқ. Ы. Дүйсенбаев. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1959. – 556 б.

Dowdey Diane. Literary sciences: a rhetorical analysis of an essay genre and its traditions. PhD dissertation. The university of Wisconsin-Madison. – 1984.

N. Mkrtchyan. Abai Kunanbaev's "Qara Soz" in the light of Albert Stepanyan's theory of Interpretation of the Armenian lamentation. *Central Asian Journal of Art Studies* N4. 2018. 17-36

Дәдебаев Ж. Абайдың антропологиясы. - Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 238 б.

Kamaladdini S.M.B. Abai and Firdowsi. *International Letters of Social and Humanistic Sciences*, 51, 2015. – 147-151. Retrieved November 11, 2021 from <https://www.learntechlib.org/p/176588/>.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. -Алматы: Жазушы.- Т.1. Өлеңдер мен аудармалар. – 2005. – 296 б.

Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.2. Өлеңдер мен аудармалар, поэмалар, қарасөздер. – Алматы: Жазушы. – 2005. – 336 б.

Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақылдары //Абайтану. Таңдамалы еңбектер. III том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л.Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә.Тарақ; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 19-33.

Shon P. Abay's legacy to the philosophy of education. *NUGSE Research in Education*, 2(1), 2017. – 36-41. Retrieved from [nugserie.nu.edu.kz](http://nugserie.nu.edu.kz)

Chandler Daniel An Introduction to Genre Theory – 1997. / URL [http://www.aber.ac.uk/media/Documents/intgenre/chandler\\_genre\\_theory.pdf](http://www.aber.ac.uk/media/Documents/intgenre/chandler_genre_theory.pdf)

Martín-Jiménez Alfonso. 1616: *Anuario de Literatura Comparada*, 6, 2016. – 109-130

Palumbo R.M. *College Composition and Communication*. Vol.29, No.4., 1978. pp. 382-384 Published by: National Council of Teachers of English

Good, Graham. *The Observing Self: Rediscovering the Essay*. New York: Routledge – 1988.

## References

Abai, (Ibrahim) Qunanbaiuly (2005a) Shygarmalarynyng eki tomdyq tolyq zhinagy. T.1. Olengder men audarmalar. [Complete collection of works in two volumes. V.1. Poems and translations] Almaty: Zhazushy. (in Kazakh)

Abai, (Ibrahim) Qunanbaiuly (2005b) Shygarmalarynyng eki tomdyq tolyq zhinagy. T.2. Olengder men audarmalar, poemalar, qara sozder. [Complete collection of works in two volumes. V.2. Poems and translations, words] Almaty: Zhazushy. (in Kazakh)

Auezov, M.O. (1959) *Ar zhyldar oilary* [Thoughts of different years] Almaty (in Kazakh)

Baitursynov, A. (1991) *Aq zhol: olengder men tarzhimeler, publ.maqalalar zhane adebi zertteu* [White Road: Poems and Translations, Publication and Literary Research] Almaty: Zhalyn. (in Kazakh)

Chandler, Daniel (1997): *An Introduction to Genre Theory* / [WWW document] URL [http://www.aber.ac.uk/media/Documents/intgenre/chandler\\_genre\\_theory.pdf](http://www.aber.ac.uk/media/Documents/intgenre/chandler_genre_theory.pdf)

Dadebaev, Zh. (2014) *Abaidyng antropologizmi*. [Abai's anthropology] Almaty: Qazaq universiteti. (in Kazakh)

Dowdey, Diane. (1984) *Literary sciences: a rhetorical analysis of an essay genre and its traditions*. PhD dissertation. The university of Wisconsin-Madison.

Good, Graham (1988). *The Observing Self: Rediscovering the Essay*. New York: Routledge

Halizev, V.E. (2005) *Teoria literatury*. [Theory of literature] Moscow: Vyssh.shk. (in Russian)

Kamaladdini, S.M.B. (2015). Abai and Firdowsi. *International Letters of Social and Humanistic Sciences*, 51, 147-151. Retrieved June 15, 2021 from <https://www.learntechlib.org/p/176588/>.

Martín-Jiménez, Alfonso (2016). 1616: *Anuario de Literatura Comparada*, 6, 109-130

Mkrtchyan, N. (2018) Abai Kunanbaev's "Qara Soz" in the light of Albert Stepanyan's theory of Interpretation of the Armenian lamentation. *Central Asian Journal of Art Studies* N4.

Palumbo, R.M. (1978). *College Composition and Communication*. Vol.29, No.4. pp. 382-384 Published By: National Council of Teachers of English

Shmid, V. (2003) *Narratologia*. [Narratology] Moscow / URL: <http://yanko.lib.ru/books/cultur/shmid-narratology.pdf> (in Russian)

Shon, P. (2017). Abay's legacy to the philosophy of education. *NUGSE Research in Education*, 2(1), 36-41. Retrieved from [nugserie.nu.edu.kz](http://nugserie.nu.edu.kz)

Suinshaliev, H. (2015) *Abaidyng qarasozeri men naqyldary* [Abay's proverbs and sayings] //Abajtanu. Tangdamaly engbekter. III tom. Oilar men tolqanystar. Almaty: Qazaq universiteti. (in Kazakh)